



## **Ертіс ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы**

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2022 жылғы 19 қазандағы № 88-23-7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қазанда № 30265 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" № 787 қаулысына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарындағы туристік жарна мөлшерлемелері 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсандағы қоса алғанда болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ертіс аудандық мәслихатының хатшысы*

*Б. Шингисов*